



"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 334 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1) аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының және мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және бекітетін немесе оның келісуімен тағайындалатын және бекітілетін, оның ұсынуы бойынша сайланатын басшы қызметкерлерінің лауазымдар т і з б е с і н д е :

м ы н а д а й :

"Облыстар, Астана және Алматы қалалары әділет басқармаларының облыстар, Алматы облысы қаласы және Алматы қаласы, Астана қаласы, Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі Әділет Әділет Әкімшілік министрі министрі Басшысымен" бастықтары,

комитеті
бастықтары,
министрлігі
сараптамасы
мемлекеттік
директоры

басқармаларының
Әділет
"Сот
орталығы"
мекемесінің

деген жолдың 1-бағанында "әділет басқармаларының" деген сөздер "әділет департаменттерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси қызметшілері мен орталық және жергілікті мемлекеттік органдарының өзге басшы лауазымды адамдарын қызметке келісу, қызметке тағайындау мен қызметтен босату тәртібі туралы ережеде:

4-тармақтың төртінші абзацында "әділет басқармалары" деген сөздер "әділет департаменттері" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті